**Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының арасындағы дауды реттеу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 16 қараша N 1696

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының арасындағы дауды сотқа дейін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне, Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі (бұдан әрі - ХҚДБ) қолдағаннан кейін, "Құқықтық реформа жобасын іске асыру жөніндегі" N 4467 KZ заемының қаражаты есебінен, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамының арасындағы 1998 жылғы 9 карашада жасалған

Консультациялық қызметтер көрсетуге келісім-шартқа сәйкес көрсетілген қызметтер үшін, Техникалық ынтымақтастық жөніндегі неміс қоғамына 129 781 (бір жүз жиырма тоғыз мың жеті жүз сексен бір) АҚШ доллары сомасын төлеуге рұқсат берілсін.

2.

Ескерту. 2-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.12.29. N 1951 қаулысымен.

P001951_

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК